



*Қанағат Қарлығаш  
9-сынып*



*Петропавл қаласы  
Қазақ мектеп – гимназиясы*

*Ғылыми жұмыстың тақырыбы:*

***Бала құқықтары***



## *Зерттеудің өзектілігі:*



*Адам құқықтарының мәселелерін зерттеудің көпқырлылығына қарамастан, **бала құқығы** Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша ең жоғарғы құндылықтар деп есептеледі. Сондықтан қазіргі уақытта әр баланың **өз құқығын білуі** өзекті мәселердің қатарына жатады. Бала құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында және қоғамда қалай дамыған деген сұраққа ізденіс жұмыс жасап отырмыз.*





## Зерттеудің мақсаты:

1. Балалардың құқықтарындағы ең басты құқықтарды ашып көрсету және сипаттау;
2. Жастардың бойында азаматтық құндылықтарды қалыптастырудың алғы шарты адам құқығына байланысты, сондықтан әр бала өзінің құқықтарын жақсы білсе, көптеген мәселелердің шешу жолдарын табуға үйренеді.

## Зерттеу міндеттері:

- Қазақстан Республикасы Ата заңы Конституциямен танысу;
- «Бала құқығы туралы» халықаралық Конвенцияда бала құқықтары туралы нормаларды қарастырып, біздің заңдармен салыстыру;
- **«Өз құқығыңды білесің бе?»** тақырыбындағы сауалнама арқылы оқушылардың ой-пікірлерін талдау.





*Зерттеу*

*нысаны:*

*Жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие үрдісі.*

*Зерттеу әдістері:*

*Анализ және синтез, жүйелендіру әдісі, сауалнама, қорытындылау*

*Зерттеу жаңалығы мен дербестік мәні:*

□ *Заңдардың құқықтық нормаларының мазмұны мен қолданылуы жолдарында оқушылардың және жеке өзімнің құқықтарымды белгіледім. **Балалар құқықтары туралы пирамидасы мен факультатив курстың бағдарламасын** тәжірибелік қолданысқа ұсынамын.*





*Біздің елде дүниеге келген әрбір сәби қазақстандық екенін, оларға мемлекеттің қамқорлық пейілі шексіз болатындығын және барлық ата-ана **«Бар жақсылық-балаларға!»** қағиданы ұстану қажеттігінің ерекше екендігін атап өткен болатын.*



# Тәуелсіздіктің тірегі-Ата заң



**Заң дегеніміз-** қоғамның негізгі тірегі. Қоғам деп отырғанымыз-мына біздер.

**Конституция-** елдің барлық ережелері жинақталған мемлекеттің негізгі құжаты. Сондықтан да біз оны Ата Заң деп құрметтейміз. Әрбір адам өзінің де, өзге елдің заңына бағынуға міндетті. Әр мемлекеттің өзіне тән заңы бар. Олай болмағанда дүние астаң-кестеңі шығып, небір жан түршігерлік нәрселер болар еді.



# Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы



*Қазақстан Республикасының 2002 жылғы  
8 тамызда № 345 «Бала құқықтары» туралы  
Заңынан:*

*10 тарау, 53 баптан тұрады.*

*1 тарау. Жалпы ережелер*

*2 тарау. Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат*

*3 тарау. Баланың негізгі құқықтары мен міндеттері*

*4 тарау. Бала және отбасы*

*5 тарау. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың құқықтары*

*6 тарау. Мүгедек баланың құқықтары*

*7 тарау. Бала және қоғам*

*8 тарау. Баланың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау*

*9 тарау. Бала жауапкершілігінің және оның мінез-құлқына әсер ету ерекшеліктері*

*10 тарау. Қорытынды ережелер*

*«Бала құқығы туралы халықаралық  
Конвенциядан»:*

- Мемлекет әрбір баланың аман-сау өсіп, жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді.*
- Бала өмірге келе салысымен тіркеуге алынады және өзіне есім мен азаматтық алуға құқылы.*
- Әрбір бала өз отбасында ата-анасымен бірге өмір сүруге құқылы.*
- Бала мектепте кінәлі болғанда да оны ешкім ұрып жазалауға, кемсітіп қорлауға құқығы жоқ.*
- Бала тынығуға және мәдени демалуға құқылы.*
- Әрбір баланың ой-пікір, ар-ождан және дін еркіндігіне құқығы бар.*
- Бала өзі қалаған спорт түрімен шұғылдануға құқылы.*
- Бала денсаулығын сақтауға, емделуге құқылы.*
- Бала өз ойын еркін айтуға құқылы.*



БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ  
КОНВЕНЦИЯ  
О ПРАВАХ РЕБЕНКА



unicef



*Қазақстанда балалардың  
құқықтық жағдайы  
мына заңдарда  
көрініс тапқан*





# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ



## Негізгі бағыттары

Жаппай  
оқумен  
қамтылуы

Өз ойын  
білдіру  
құқығы

Жеке  
тұлғалық  
ұстанымы  
ның  
сақталуы

Ата-  
анамен  
сабақтас-  
тық





# Құқықтық білімді іске асыру жолдары

- *Идеялар жәрмеңкесі*



- *Таным сабақтары*



- *Танымдық кештер*



- *Тақырыптық ток-шоулар*



*Балалар құқықтары*

*туралы пирамида*




# Жалпыға құқықтық білім беру жоспары



№	Іс-әрекет мазмұны (мәдени шаралар)	Әдісі мен түрлері	Мерзімі	Жауаптылар
1	Конституция күні	Сынып сағаты, ақпараттық күн, қалалық іс-шара	30.08.2016ж	Сынып жетекшілер
2	«Білім күні» мерекесі	Сынып сағаттары	01.09.16	Сынып жетекшілер
3	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері	Әңгімелесулер, сынып сағаттары, тест, викторина, дәріс	Жыл бойы	Сынып жетекшілер
4	Мектеп жарғысы мен мектеп заңы Оқушылардың өз міндеттері мен құқықтары	Дәріс	Жыл бойы	Сынып жетекшілер
5	Жастар және қоғам	Дөңгелек стол	Қазан	Құқық пәнінің мұғалімі
6	Оқушылар арасында құқық бұзушылық	Жиналыс	Айына 1 рет	Әлеуметтік ұстаз
7	Құқықтық тәрбие мәселелерінде мектеп пен отбасының өзара әрекеті	Ата-аналарға кеңес беру, әңгімелесу	Жыл бойы	Әлеуметтік ұстаз
8	Құқықтық білім еліне саяхат	Презентациялар конкурсы	Қараша	Аға тәлімгер
9	Тұңғыш Президент күні	Салтанатты сапқа тұру, сынып сағаттары	Желтоқсан	Сынып жетекшілер, аға тәлімгер
10	Тәуелсіздік ту астында	Сынып сағаттары	Желтоқсан	Сынып жетекшілер
11	Қаламыздың бүгіні, ертеңі...	Фотогазет көрмесі	Қаңтар	Аға тәлімгер
12	Сен және сенің құқығың	Республикалық онкүндік	Ақпан	Аға тәлімгер
13	ҚР Президенті Қазақстан халқына Жолдауы	Дөңгелек стол, стенд рәсімдеу	Ақпан-наурыз	Сынып жетекшілер, тарих мұғалімдері
14	Мен елімді сүйемін	Кітапхана сағаты	Сәуір-мамыр	Кітапханашы
15	Батыр күні	Сайыстар	Мамыр	Дене шынықтыру мұғалімі
16	Жеңіс күнін мерекелеу	Қабырға газеттер көрмесі, сынып сағаттар	Мамыр	Аға тәлімгер
17	Оқушылардың әкімшілік және құқықтық жауапкершілігі	Дәріс ескертпелері	Мамыр	Мектеп инспекторы

## Өз құқығыңды білесің бе?



**Қорытынды: оқу жылының басындағы сауалнама**




## Өз құқығыңды білесің бе?



**Қорытынды: оқу жылының соңындағы сауалнама**



## Балалардың құқығын білесіз бе?




**Қорытынды:** ата-аналарға оқу жылының басында қойылған сауалнама





## Балалардың құқығын білесіз бе?




**Қорытынды:** ата-аналармен жүргізілген жыл бойындағы жұмыстың нәтижесі



## Сыныптар арасындағы сауалнама




■ Бастауыш ■ Орта ■ Жоғары



**Қорытынды:** сынып жоғарылаған сайын оқушының құқықтық сауаттылығы артқан.



## Оқушының міндетін білесің бе?



**Қорытынды:** мектеп бойынша оқушылар өз міндеттерін жақсы біледі.



## Қорытынды



*Елімізде «Балалар құқығын қорғау Конвенциясы» қабылданғанына біраз уақыт болды. Осы құжат аясында барлық өңірде білім беру мекемелерінің жанында ұйымдастырылған Балалар құқығын қорғау секторлары тарапынан құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, түрлі игі жұмыстар атқарылып келеді. Әдетте, әрбір ата-ана перзентін өмірге әкелгенде оған тәрбие берумен қатар, асырап, дұрыс білім алуына жағдай жасауына міндетті.*



# Ұсыныстар:



1.

- «Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асыруда бала құқығын іске асыру;

2.

- Мектепте бала құқығы туралы семинар, конференциялар өткізу арқылы оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру;

3.

- Ата-аналар, мұғалімдер тарапынан бала құқығын сақтау;

4.

- Бала өз құқығын біле тұрып, өз міндетін де дұрыс орындауға тәрбиелену.

- **Балалар құқықтары туралы пирамиданы және факультативтік бағдарламаны** мектепте, колледждерде тәжірибелік қолданыста пайдалану.





Назарларыңызға рахмет!

